





БЕКІТЕМІН
«Жәңгір-хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы - ректор
А.М. Наметов
«16» 09 2021 ж.

ӘСКЕРИ КАФЕДРАНЫҢ АҒА МЕХАНИГІНІҢ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.147

№ 01 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 10.09.2018ж.	Келісілді: 15.09.2018ж.	Енгізілді: 17.09.2018ж.
Кониров А.Ж. 	Таубаев Ө.Б.  Алмағамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б. 	17.09.2018 ж. СМЖ.07.ЛН.147 орнына Қайта қаралуы: 17.09.2024ж.

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына, Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларына сәйкес дайындалды.

2. Қолданылуы

Бұл нұсқаулық әскери кафедраның аға механигіне арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Әскери кафедраның аға механигі міндетті:

3.1.1. Оқу орнында қару-жарақты, жауынгерлік және басқа да техниканы пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша практикалық сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге, студенттердің жеке даярлығын ұйымдастыруға;

3.1.2. Әскери кафедраның қару-жарағын, әскери және басқа да техникасын пайдалану қағидаларын, материалдық бөлігін білуге, оларға уақытылы техникалық қызмет көрсетуді және маусымдық пайдалану режиміне ауыстыруды жүргізуге;

3.1.3. Қару-жарақтың, әскери және басқа да техниканың, оқу материалдық-техникалық базаның сабақтарға дайындығын, сондай-ақ олардың бар-жоғын, сабақтан оралғаннан кейінгі жай-күйі мен жинақтылығын тексеруге;

3.1.4. Әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша шаралар қабылдауға, сабақтарды барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз етуді ұйымдастыруға;

3.1.5. Әскери кафедрада оқитын студенттерден әскери тәртіпті, күн тәртібі мен қызмет уақытының регламентін сақтауын талап етуге, әскери тәртіпті бұзушылықтар, оқиғалар мен сынулар туралы, сондай-ақ қабылданған шаралар туралы кафедра бастығына дереу баяндауға;

3.1.6. Студенттердің сабақ өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын орындауын талап етуге;

3.1.7. Жоғары оқу орны мен кафедра әкімшілігінің бұйрықтарын, өкімдері мен шешімдерін сапалы орындауды қамтамасыз етуге;

3.1.8. Кезекшілік кестесіне сәйкес кафедрада кезекшілік атқаруға;

3.1.9. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларының талаптарына сәйкес әскери киім нысанын киіп жүруге.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Әскери кафедраның аға механигі лауазымына басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;

3.2.2. Әскери кафедраның аға механигі тікелей әскери кафедра бастығына бағынады.

3.3. Әскери кафедраның аға механигі білуі қажет:

3.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарын, ҚР ҚМ бұйрықтарын және басқа да кафедраның қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілерді;

3.3.2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

3.3.3. Кафедраның қызмет бағыты, бейіні және мамандануын;

3.3.4. Университеттің құрылымы мен штатын;

3.3.5. Жол қозғалысы ережелерін;

3.3.6. Қауіпсіздік техникасы ережелерін білуі және нұсқамалар өткізуі;

3.3.7. Бекітілген автокөлік құрылғысын және оны жарамды күйде ұстауды;

3.3.8. Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.9. Университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін және орындалатын жұмыс мәселелері бойынша ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттарды;

3.3.10. Еңбек қорғау ережелері мен нормаларын, қоршаған ортаны қорғау ережелерін, өрт қауіпсіздігі техникасын.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Жоғары немесе арнаулы орта білімі, запастағы әскери атағы және мамандығы бойынша кемінде 1 жыл жұмыс өтілі, теріс емес себептермен әскери қызметтен шығарылған болуы тиіс;

3.4.2. Әскери кафедраның аға механигінің құзыреттілігіне кіретін мәселелердің барлығынан хабардар болуы, жауапкершілік, адамдармен жұмыс істей білу қабілеттерінің болуы;

3.4.3. Іскерлік деңгейде мемлекеттік тілді білуі;

3.4.4. Үнемі өзінің біліктілік деңгейін арттыруы тиіс.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Әскери кафедраның аға механигі жауапты:

4.1.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде.

4.2. Әскери кафедраның аға механигі өкілетті:

4.2.1. Өзінің қызметіне қатысты сұрақтар талқыланатын және шешілетін кафедраның барлық бөлімшелерінің жұмыстарына қатысуға.

4.3. Әскери кафедраның аға механигі құқылы:

4.3.1. ЖОО-ның басшылығымен өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуге;

4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;

4.3.3. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алуға;

4.3.4. Кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.5. Қызмет барысындағы жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеуге.

5. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңы 11.07.1997 ж. № 151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы 16.02.2012 ж. № 561-IV;

ҚР Қорғаныс министрінің «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы 24.07.2017 ж. № 375;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы» 22.05.2019 ж.;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» ішкі тәртіп ережесі;
«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» нормативтік құжаттары.
ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.